

**Темірбек Жүргеновтың  
туғанына 125 жыл  
толуына арналған  
"Ұлағатты ұлы тұлға" атты  
еске алу кеші**

**Темірбек Жүргенов  
(1898 – 1938)**

**Көрнекті мемлекет  
және қоғам қайраткері,  
Оқу ағарту комиссары**



Алып таулар, заңғар  
шыңдар мәңгі жасаса да  
ешқашан аласармайды.  
Шоқтығы биік аптал  
азаматтар да сондай.  
Олар уақыт өткен сайын  
тұлғалана, даралана  
түспек.



**Темірбек Жүргенов - ойы ұшқыр,  
қаламы қарымды сыншы-публицист**



Жұбайы Дәмеш Ермекова - Жүргенова

... Қазақтың әдебиет тілін, білім тілін тудыру жөнінде біздің негізгі мақсатымыз - сол тілді көпшілікке барынша ұғымды қылу, сол тіл арқылы қазақ еңбекшілерінің қалың бұқарасын дүниежүзінің өнер біліміне, техникасына ие қылу.

Темірбек Жүргенов

Жүргенов Темірбек Қараұлы 1898 жылы қарашада Қазалы уезінде қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жаңаталап елді мекенінде дүниеге келген. (Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы, Басықарақопа дейтін жерде ).

Әкесі сол кездегі озық ойлы адамдардың бірі болғандықтан баласы Темірбектің білім алуына жағдай жасайды.

Темірбек Жүргенов - Тұрмағамбет  
Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл  
мектебінде сауат ашып, кейін  
Аламесектегі 2 жылдық орыс-қазақ  
мектебін 1913 жылы үздік бітіріп,  
Перовскідегі қазіргі Қызылорда қалалық  
орыс-қазақ училищесінде оқиды.  
1917 жылы Уфа жер шаруашылығы  
училищесіне оқуға түседі. 1921-1923  
жылдары Орынборда жұмысшы  
факультетінде оқиды.



**Ол - халқына адал қызмет  
еткен ұлы тұлға**



Делегаты I-го Казахстанского съезда советов Торгайской области  
(ныне Актюбинская), 1920 г.  
В центре А.Байгурсьнов, справа А.Джангильдин, слева Т.Жургуенов

1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. 1926 жылы университеттің соңғы курсында Темірбек Жүргенов Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының ректоры болып тағайындалады.

1929 жылы Бүкілодақтық Коммунистік  
большевиктер партиясының Орталық  
Комитетінің Орта Азия Бюросының  
шешімі бойынша Темірбек Жүргенов  
Тәжікстанның финанс халық комиссары  
болып тағайындалады. Оның  
қызметіндегі жемісті кезең – 1930-1933  
жылдар. Бұл жылдары Темірбек Жүргенов  
Өзбек Советтік Социалистік  
Республикасының халық ағарту  
комиссары болып қызмет атқарды.



**Орта Азия мемлекеттік университетінің IV курсында оқып жүрген Темірбек Жүргенов. (үшінші қатарда 4-ші тұрған )**

# Білім беру саласының көшбасшысы

1933 жылдан 1937 жылға дейін Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының Халық ағарту комиссары қызметін атқарды.

Темірбек Жүргенов халық ағарту комиссары қызметін асқан іскерлікпен атқарып, республикамызда мәдени революцияны жүзеге асыруға тікелей басшылық етіп, көп еңбек сіңірді. Сол жылдары республикамызда жүздеген мектептер ашылып, сауатсыздықты жою саласында күрес кең көлемде жүргізілді.

Темірбек Жүргеновтің басшылығымен "Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ мектептерін көбейту туралы" қаулы қабылданып, тек Алматы қаласының өзінде 18 мектептің салынуына өзі тікелей араласқан. Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов республикада жоғары және орта арнаулы мектептер жүйесін дамытуға, кадрлар даярлау проблемаларын шешуге, көп ұлтты жаңа интеллигенцияны қалыптастыруға көп еңбек сіңірді.



ЖАҢА

Жұлдыздар  
отбасы

anyzadam.kz №18 (102) Қыркүйек 2014 жыл

# Аңыз адам

Айына 2 рет

*Ұлт  
Т. Мақтанбеқы*



МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

ТЕМІРБЕК - (1898-1938 ж.ж.) -

ЖҮРГЕНОВ

1934 жылы Темірбек Жүргеновтің басшылығымен Қазақ университеті тау-кен металлургия институты және коммунистік журналистика институты шаңырақ көтерді.

Қазақ педагог мамандарын даярлауда қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын шығарудың аса қажеттігін сезіне отырып, аудармашылық қызметпен айналысады.

**...Мектеп ісі тек оқу  
орындарының ісі емес, жалпы  
жұртшылықтың, оның ішінде  
жергілікті үкімет орындарының,  
кеңес жұртшылығының ісі.**

**Темірбек Жүргенов**

**Көп сөйлеуді жек көретін,  
нағыз істің адамы**

Қазақ өнері мен мәдениетінің  
ілгерілеуіне ерекше еңбегі сіңген  
Темірбек Жүргенов 40 жылдық қысқа  
ғұмырында 4000 мыңға жуық мектеп  
салдырып, халқымыздың күйлері мен  
жырларын жинастырды. Ахмет  
Жұбановпен бірге қазақтың тұңғыш  
ұлт аспаптар оркестрін құруға  
атсалысты. Абай атындағы опера және  
балет театрының іргетасын қалады.

Темірбек Жүргенов 1934 жылы алғаш рет Қазақстан Халық таланттарының бірінші слетін ұйымдастырды. Бұл бастама 1935 жылғы мәдениет қызметкерлерінің I-съезімен, 1936 жылғы Москвада өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің I-ші онкүндігімен жалғасты. Темірбек Жүргенов Москвада өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігін өткізуге көп күш-жігер жұмсап, ұйымдастырушылық жоғары қаблетін танытты. Декаданың қорытындысы бойынша ол Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.



Темірбек Жүргенов 1936 жылы Москвада өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде



Қазақ әдебиеті мен өнер  
қайраткерлерінің бір тобы



**Түркі әлемінің тарланы**

1936 жылы Темірбек Жүргенов Қазақстан мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, облыстық, өлкелік, республикалық партия ұйымдарының конференцияларына делегат болып сайланған.

Ағарту ісі мен мәдениет саласының талантты қайраткері Темірбек Жүргенов творчестволық күшінің толысқан шағында 1937 жылы тамыз айында "халық жауы" деген жалған айыппен ұсталып, 1938 жылы 25 ақпанда атылған.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
Жоғары сотының әскери коллегиясының 1957  
жылғы 18 сәуірдегі шешімімен кінәсіз  
жазаланғаны анықталып, ақталды.

1993 жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық өнер  
академиясына Темірбек Қараұлы Жүргенов  
сімі берілді. Алматы, Қызылорда қалаларында,  
Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы мен  
Қызылорда облысының Жалағаш ауданында  
Темірбек Жүргенов есімімен аталатын  
мектептер мен көшелер бар.



Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ Ұлттық өнер Академиясы

1998 жылы 100 жылдығына байланысты туған жері Жалағаш кентінде ескерткіш ашылды. Қазіргі уақытта Темірбек Жүргеновтың мерейтойларына орай Ғылымдық-танымдық конференциялар мен фестивальдар ұйымдастырылып, әртүрлі мәдени шаралар өткізіліп тұрады. Шығармалары жеке кітап болып шықты. Деректі фильм түсірілді.



Встреча с сотрудниками и студентами АТХИ, 1989 –  
в год присвоения институту имени Т. Жургунова



Дамеш Ермекова-Жургенова (в центре) среди преподавателей  
и студентов

Алма-Атинского гос. медицинского института

Жарқын болашағымыз үшін  
күрескен Темірбек Жүргенов жүріп  
өткен жол, азаматтың айқын да  
анық жолы. Ол жолды ұрпақтары  
жалғастырып даңғыл етпек.



**Назарларыңызға  
рақмет!**